

Күйе өндірудің негізгі **үш процесі** бар: шикізаттың толық жанбауына негізделген *каналды және пешті* процестер және термиялық ыдырауда қолданылатын *термиялық* процесс. Әр процесс өздеріне сәйкес белгілі бір түрлі немесе класты күйе береді: каналды күйе, газ тәрізді немесе сұйық шикізаттан алынатын пештік күйе және термиялық күйе. Толық емес жану арқылы алынатын маңызы аздау, күйе өндірудің тағы екі тәсілі бар: *лампалық* және *ацетилендік* күйе өндіру процестері. Өнеркәсіпте түрлі типтегі және сортағы миллиондаған тонна күйе шығарылады. Әр фирма күйені өздерінің меншікті фирмалық атауымен шығарады.